

Дәнді-дақылдар тыңайтқыштары

Орындаған: Самет Ж.С.

БЗХТ-306К

Тексерген: Балгышева Б.Д.



Жоспар

I Кіріспе

Астық тұқымдас дәнді дақылдар

II Негізгі бөлім

1. Дәнді дақылдардың топталуы
2. Ауыл шаруашылығындағы дақылдарды тыңайту
3. Жаздық бидайға тыңайтқыш әсері


III Қорытынды

Астық тұқымдас дәнді дақылдар - бидай, қарабидай, күріш, қарақұмық, тары, сұлы, арпа, жүгері. Дәнді дақылдар өздерінің морфологиялық және биологиялық ерекшеліктеріне қарай екі түрге бөлінеді, бірінші топтағы және екінші топтағы дәнді дақылдар. Астық дақылдары дәндерінің құрамында су, ақуыз, май, крахмал, жасұнық болады. Олар дәндерінің химиялық құрамы жағынан бір-бірінен ерекшеленеді. Мысалы, дәндегі ақуыз мөлшері қатты бидайда 13,8-20,0% болса, ал күріш дәнінде 6,7-7,6% ғана болады. Астық дақылдарының дәндерінде майдың мөлшері 1,5-3,0%, ал көмірсутегі 67,8-80,9% шамасында болады. Дәннің химиялық құрамы аймақтың топырақ-климат жағдайына, қолданылатын агротехникалық шараларға тікелей байланысты. Қазақстанның қуаң далалық аймағында өсірілетін жаздық бидай дәніндегі ақуыздың мөлшері басқа өңірлермен салыстырғанда біршама көбірек болады, сондықтан олар жақсы бағаланады.

ДӘНДІ ДАҚЫЛДАР



Бірінші топ: бидай, қарабидай, арпа және сұлы жатады. Олардың негізгі ерекшеліктері - дәндерінің бауыр жағында тілігі болады



Күздік дәнді дақылдар-күздік бидай, қарабидай, күздік арпа. Бұл дақылдардың биологиялық ерекшеліктері - алғашқы даму кезеңінде оларға 1 айдай 1-10°C-тай төмен температура қажет. Сондықтан оларды тұрақты суық түскенге дейін 55-60 күн қалғанда себу қажет. Күздік дәнді дақылдар жаздықтарға қарағанда өнімді артық береді. Оның себебі, олар күзгі және көктемдегі жауын-шашынды тиімді пайдаланады, күзде жақсы түптенеді, ал ерте көктемде тез өсіп-дамып, ерте піседі.



Ерте себілетін - жаздық бидай, арпа, сұлы. Оларды ерте көктемде, топырақтың тұқым сіңіретін тереңдігі 5-7°C-қа жылыған кезде себеді.

Кеш себілетіндер - күріш, жүгері, тары. Бұл дақылдарды топырақтың тұқым сіңіретін тереңдігі 10-12°C-қа қызған кезден бастап себеді.



I топтағы астық өнімдері



II топтағы дәнді дақылдарға тары, жүгері, күріш, қонақ жүгері жатады. Оларды дәндерінің бауыр жағында тілігі жоқ, масақшаның жоғарғы гүлдері жақсы дамыған.



АСТЫҚ ТЫҢАЙТҚЫШТАРЫ

- **Тыңайтқыштар** — өсімдіктердің топырақтан қоректенуін жақсарту үшін қолданылатын органикалық және минералдық заттар. Шығу тегіне қарай органикалық және бейорганикалық тыңайтқыштар деп, ал агрегаттық күйіне қарай тыңайтқыштар қатты (селитра, фосфор тұздары) және сұйық (аммиак суы) болып бөлінеді. Тыңайтқыштарды дұрыс пайдаланғанда ауыл шаруашылық дақылдарының түсімі артады, өнім сапасы жақсарады.
- Ауыл шаруашылығы практикасында егіншілікті химияландыру, оны жедел дамытудың қуатты факторы екенін сенімді дәлелдеп берді. Мысалы, азотты тыңайтқыш астық дәніндегі белок мөлшерін арттырады, фосфорлы тыңайтқыш зығыр талшығының сапасын жақсартады, зығыр, күнбағыс тағы басқа дақылдар тұқымындағы май мөлшерін көбейтеді. Калий тыңайтқышы қант қызылшасы тамырының қант, картоптың крахмал мөлшерін арттырады.
- Топырақтағы өсімдікке қоректік элементтердің көпшілігі өсімдік сіңіре алмайтын қосылыс түрінде, мәселен, 1 гектар күлгін және қара топырақта 3-100 тонна азот қоры бар, осының 1 проценттейі ғана өсімдікке сіңімді түрде болады.
- Түрлі аймақтардағы климаттың, топырақ түзілген аналық тау жынысының, өсімдіктердің ерекшеліктеріне байланысты әрбір топырақтарда қарашірік мөлшері де түрліше болады. Бір гектар қара топырақтың 0-20 см қабатында қарашірік қоры 90-140 тонна, 0-100-см қабатында 25-550 тонна болса, сұр топырақтардың жоғарыда аталған қабаттарында қарашірік қоры 30-80 тоннадай болады.

Тыңайтқыш түрлері

Азот тыңайтқыштары.

Құрамында қоректік элемент — азот бар тыңайтқышты азот тыңайтқышы дейді. Азот — тіршілік үшін маңызы өте зор элемент, ол жетіспеген жағдайда өсімдіктің жапырағы бозғылт жасыл болып (мысалы, орамжапырақ пен жүгерінің), бойы еспей, жапырағы жұқа және шырыны аз, гүлі майда болады. Өсімдікке азот тыңайтқышын берсе, өсімдіктің өсуі мен дамуы жақсарып, өнім беруі жоғарылайды.). Азотты тыңайтқыштарға: калий, натрий және аммоний (NaN_3 , KN_3 , NH_4NO_3) нитраттары (селитра) жатады. Олар — ақ түсті, суда жақсы еритін кристалл заттар бар.

Калий тыңайтқыштары.

Кез келген өсімдікке калий өте қажет.. Топырақта болатын калий, көбінесе органикалық тыңайтқыштар - өсімдік күлі арқылы топыраққа түседі. Калий тыңайтқышының негізгі шикізаты шөптесін және ағаш типтес өсімдіктердің күліндегі карбонат K_2CO_3 түрінде болады. Калий тыңайтқышының көндеріне силъвинит және карналит жатады. Силъвинит дегеніміз — калий хлориді мен натрий хлоридінің біріккен тұзы NaCl-KCl , сол сияқты карналит те қос тұз KCl-MgCl . Калий тыңайтқышына калий хлориді KCl және калий нитраты KN_3 жатады. Олар ақ түсті кристалл заттар

Фосфор тыңайтқыштары.

Фосфор — барлық тірі организмнің құрамына кіретін маңызды элемент. Фосфор ферменттердің, дәрумендердің құрамында болады. Фосфорсыз хлорофилл түзілмейді, онда өсімдік жапырағы көмірқышқыл газын сіңіре алмайды. Өсімдікте фосфор жетіспесе, жапырақта қара қошқыл жасыл, қара дақ пайда болып, өсімдіктің гүлденуі мен пісуі баяулайды. Фосфор тыңайтқышын топыраққа енгізу арқылы алынатын жемістің сапасы жақсарып, өнімі артады. Фосфор тыңайтқыштары суда *еритін*, *ерімейтін* болып бөлінеді

Жаздық бидай

Жаздық бидай -бір жылдық өсімдік.Оның өсіп -даму дәуірі сортына байланысты 70-120 күн аралығында болады. Бидайдың өсіп – даму кезеңдері төмендегідей:

- 1)тұқымның өніпшығуы;
- 2) үшінші жапырақтың пайда болуы;
- 3) түптенуі;
- 4) сабақтануы (түптенуі);
- 5)дақылдың бас алып масақтануы;
- 6) дәннің сүттенуі;
- 7) қамырлануы;
- 8) дәннің толық пісу

Жаздық бидай әуелі фосформен, содан кейін калиймен, ең соңғы азотпен қорланады. Олфосфорды масақтануға дейін, калийді гүлденуге дейін, азотты сүттену-пісуге дейін қажетсінеді

- Жаздық және күздік бидайдан мол өнім алу үшін олардың тұқымы ылғалы аз, қуаң аймақтардағы ауыспалы егістен кейін, немесе таза сүдігерге (парға) егілгені жөн. Бұл әдісті қолданғанда бір жыл бидай, келесі жылы бір не көпжылдық шөп егіледі. Қазақстанның далалық қуаң аудандарында бидай себуге арналған топырақты сыдыра қопсытып жыртқан жақсы нәтиже береді.
- Азот және фосфор тыңайтқыштары мөлшерінің көбейгенін сайын бидайдың түптенуі азаяды, бірақ егістегі сабақтар саны көбейеді. Сондықтан тұқым себу нормасы көбейген жағдайда тыңайтқыштардың дозасын азайтып, ал тыңайтқыштар көбейгенде, тұқым себу нормасын азайту керек.
- Егістікте себілетін тыңайтқыштардың түрі мен мөлшері себілген дақылға және топырақтың құнарлылығына байланысты. Қазақстанның оңтүстігіндегі суармалы аудандарда күздік бидайды себу алдында топыраққа азот тыңайтқышы беріліп, өңделеді. Өнімді жинау тәсілі бидайдың биіктігі мен өсу жиілігіне, арам шөптердің түрлері мен олардың аз-көптігіне, сабақтың қөлбеп жатып қалуына байланысты. Арам шөптері аз, жатып қалмаған, біркелкі пісіп жетілген астықты тікелей комбайнмен шауып бастырад

Қорытынды

Қазіргі таңда егіншіліктің мәдениетін көтеру барысында Қазақстандағы әртүрлі аймақтарға бейімделген дәнді дақылының өнімділігін арттырудың бірден-бір қайнар көзі-Мамандандырылған ауыспалы егіс жүйесін қолданып, оны өндіріске кеңінен енгізу. Дәнді дақыл тектес астық өнімдерін танапқа орналастыру – кез келген шаруашылық үшін өте тиімді, ал тұқым өндіретін құрылымдарда бұл тәсіл аталған саланы өркендетудің басты шарты болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

Химия: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. Өңделген, толықтырылған 2-бас. / Н. Нұрахметов, К. Сарманова, К. Жексембина, т.б. - Алматы: "Мектеп" баспасы, 2009. — 208 бет.

Жайлыбай, К.Н. Жаздық бидай өсіру агротехникасын жетілдіру / К.Н.Жайлыбай, Ә.М.Тоқтамысов, А.С.Сағындықова // «Жаршы»- Алматы.- 2003.- №5. – Б. 36-39

Назарларыңызға
рахмет!

